

«Болашақ»Бестамақ балалар бақшасы

**«Әкелер мектебі»
жылдық жоспарына сай өткізілген
«Ұлттық мұра-ұрпаққа аманат»
шығармашылық шеберлік сағаты**

**Ұйымдастырушылар: Наурзалиева А.А.
Бурханова Р.Х.**

Желтоқсан 2025жыл

«Ұлттық мұра-ұрпаққа аманат» шығармашылық шеберлік сағаты

Мақсаты: Отбасы ынтымақтастығын дамыту, әкенің бала тәрбиесіндегі рөлі мен белсенділігін арттыру. Балабақша мен ата-аналар арасындағы байланысты нығайту.

«Ана- сая болар бағың болса, Әке асқар тауың дейді қазақта». Әке-жарық дүниедегі ең жақын адамның бірі. Әкені сыйлау, құрметтеу, оның отбасындағы орнын кастерлеу, қадірлеу кез келген баланың борышы. Әке-асқар шың, бақыттың алтын бағы. Әке-баланың тірегі, түпіндеген жүрегі, ойындағы санасы, өмірдегі панасы. Әкенің мінез-құлқы, өзгелермен қарым-қатынасы, өнері мен білімі баланың көз алдындағы үлгі, өнеге алатын, оған карап өсетін нысанасы. Олай болса бүгінгі сайысымызға көрермен болып, жанкүйер болып келіп отырған барша көрермендер «Ұлттық мұра-ұрпаққа аманат» атты сайысымызға қош келдіңіздер.

Жиналыпсыз сәтті күні бәріміз де

Үлкен-кіші, жасымыз да, кәріміз де

Төрлетіңіз қадірменді қонақтар

Жайнаған мына біздің төрімізге – деп отбасының тірегі әкелерімізді ортаға шақырып, таныс болайық.

Тегін білу тектілік *(Өздерін таныстырады/аты-жөні, тобы, руы)*



Назарларыңыз бізде болсын.

Бір –бірімізбен танысып болсақ, енді екі топқа бөлінеміз. Ол үшін мына шаңырақтарды бір бірден аламыз. Ішіндегі сандарды қараймыз. Кімге бір саны түссе, ол әкелер бірінші топ, ал кімнің қолында екі саны болса екінші топ болып бөлінеді.

Жүрг: Онерпаздар өнерін салыстырып,

Бәйге үшін терлетер шабыстырып

Әкелер бар өнерін салары анық

Өнегелі тәлімді алған қанып

Ал ендеше таныстырып өтейін мен

Бөлімдерін сайыстың бөліп жарып.

Сайысымыз 7 кезеңнен тұрады.

1. «Қызық сұрақтар» айдары

2. «Кім бірінші » («Бәйге» ойыны)

3. «Мақалды тап» (мақал-мәтелдердің жалғасын табу)

4. «Білекті бірді жығады» (қол күресі)

5. «Мергендер» (асық ату)

6. «Қамшы өру»

7. «Бестемше» ойыны

«Әке- білек, саусағы – балалары, қан тамырмен жалғасқан аралары». «Үл әкеден үйренбей сапар шекпес, қыз шепеден үйренбей онеге алмас» деген екен Қорқыт атамыз. Ендеше ата-ана, онын ішінде әкесінің бала тәрбиесіндегі орны туралы бүгінгі күннің өзекті тақырыбы жөнінде сіз болып, біз болып ой бөлісуге жиналып отырмыз. Олай болса ең алғашқы сайысымыз

1-кезең: «Қызық сұрақтар» айдары.



Олай болса алғашқы сөз бірінші топқа беріледі.

2 кезең:

Өзінің алғырлығын ұғындырып

Көрсетер көп іздеген мығым қылық

Келесі бұл сайыстың жоспарында

Түседі бәйгеде білімділік - деп сайысымыздың 2-ші бөлімі «Бәйге» ойыны.



3-кезең: Мақал-мәтелдер халық ауыз-әдебиетінің бір саласы. Мақалдар ой дәлдігімен, тереңдігімен, ықпамдылығымен ерекшеленеді.

«Мақалды тап» (мақал-мәтелдердің ребус арқылы табу)

4 кезең: «Білекті бірді жығады» «Қол күресі». Бұл ойын түрі казак халқының ұлттық ойыны болмаса да біздің ұлттық ойын түрлеріне ұқсас.



5 кезең: «Мергендер» (асық ату)

Ұлттық ойындар – ерте заманнан қалыптасқан дәстүрлі ойын-сауықтардың бір түрі. Оның бастауы тым тереңде, ғасырлар қойнауында жатыр. Қазақ халқы ұлттық ойындарға бай халық. Ұлттық ойындар атадан балаға, үлкеннен кішіге мұра болып жалғасып жатыр. Ата-бабаларымыз ұлттық ойындар арқылы ұрпақтың мықты әрі жігерлі болып өсуіне ықпал етіп, олардың береке бірлігі мен ынтымағын жарастырып отырған. Осы ойындар негізінде әр халық әртүрлі жаттығулар жасау жолымен дене шынықтыру ісінің негізін салды. Бұл бертін келе шынайы спорт ойындарының шығуына түрткі болды. Оның адам денсаулығын жақсарту түсуде пайдасы зор екені белгілі.



6 кезең: «Қамшы өру»



Қазақ халқының мәдени-тұрмысында, салт-дәстүрінде, рухани зердесінде **қамшының** алатын орны ерекше. Қамшы өнер туындысы, сый-сыяпаттың төресі, ер жігіттің серігі, айбыны, шаңырақтың киесі, тіпті, кейде **батырдың қаруы да болған..** Оны жай ғана ат айдайтын құрал дей салуға болмайды. Бұл көлөнер туындысы, атадан балаға мирас болып қалатын асыл мұра. Ата-бабаларымыз қамшысы арқылы өз көз қарасын, ниетін, қарым-қатынасын білдірген, біз мұны қамшыға байланысты ой орамдармен тарқатып, түсіндірсек:

1. **Қамшысының ұшын да бермеді.** Бұл «болыспады», «жәрдемдеспеді», «жамандық, опасыздық істеді», - деген мағынаны білдіреді.
2. **Басына (төбесіне) қамшы үйірді (ойнатты).** Мағынасы: Қорқытты, сабауға ыңғайланды, қорлық, зорлық көрсетті, басынды.
3. **Дау төрт бұрышты, қамшы екі ұшты.** Бұл сөз «даудың себепсіз әр қилы, бірақ шешімі не «ақ», не «кара» болады» деген ойды меңзейді.

4.Қамшысын білемдеді. Қамшысының сабы мен өрімін косып, екі бүктеп ұстауды бейнелейді. Мағынасы: қыр көрсетті, жұдырық көрсетті, қоқаңдады, кіжінді.

5.Қамшы түтеді. «Қамшы жауып кетті», «Соққылаған қамшы жауды» деген мағынаны білдіреді.

Халқымызда «қамшықайтару» деген салт бар. Дәстүр бойынша қыз айттыруға келген жігіт жағының басшысы (жігіттің әкесі, не болмаса сол келушілердің басшысы т.б) қыз үйінің төріне іліп кеткен. Егер қыз әкесі келісімін бермесе, көп ұзамай қамшыны иесіне қайтарып беріп жіберген.

7 кезең: «Бестемше» ойыны



Осымен бүгінгі «Ұлттық мұра-ұрпаққа аманат» атты сайысымыз өз мәресіне жетті. Алтын уақыттарыңызды бөліп келгендеріңізге алғысымыз шексіз. Талай асулардан асып, білім төрінде шарықтап самғай беріңіздер деп тілек тілегім келеді. Қош сау болыңыздар!